ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 30 сәуір №7119-25-00-2/3472 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Нұрмағанбетова басшысы Нұрмағанбетова Нуржамал Абдуалықызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану туралы;
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер Нұрмағанбетова басшысы Нұрмағанбетова Нуржамал Абдуалықызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрмағанбетова басшысы Нұрмағанбетова Нуржамал Абдуалықызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрмағанбетова басшысы Нұрмағанбетова Нуржамал Абдуалықызынан «Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 251 444 (екі жүз елу бір мың төрт жүз қырық төрт) теңге

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 30.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 13.06.2025, судья Бакишев А. Б., 13.06.2025
7119-25-3-1/3191

мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 7 543 (жеті мың бес жүз қырық үш) теңге 32 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығындары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Нұрмағанбетова басшысы Нұрмағанбетова Нуржамал Абдуалықызынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 30.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.06.2025, судья Бакишев А. Б., 13.06.2025

7119-25-3-1/3191